20446169569

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 қазан №4360-23-00-2/2051 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Абишева Ж» атауымен әрекет етуші Жупар Жалеловна Абишева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Л.Сырбайқызы
Талап қоюшы өкілі Н.Н.Сарманов
Жауапкер өкілі Ә.Ж.Әбілқасым

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы мен жауапкер арасында 2023 жылғы 18 мамырда №240 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай - Шарт) жасалып, жауапкер шартқа сол күні қол қойып, шарттың 1-қосымшасына сәйкес жалпы сомасы 22 499 970 теңгеге 30 дана «кондиционер (сплит жүйе) колонналық-едендік» тауарлары Шарт күшіне енгеннен кейін тапсырыс бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни, (2023 жылғы 29 мамырда тапсырыс берілген) 15 маусым 2023 жылға дейін жеткізуге міндеттенгенімен, техникалық ерекшеліктерге сәйкес тауар жеткізілмей, жауапкермен Шарт бойынша міндеттемелері орындалмаған.

Жауапкермен техникалық ерекшеліктерге сәйкес тауар жеткізілмей, Шарт талаптары тиісінше орындалмауына байланысты талап қоюшы 2023 жылғы 22 маусымда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз

қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрап талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюды мойындамай, сотқа жазбаша қарсы пікірін ұсынып, Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанын, тауардың уақытылы жеткізілгеніне қарамастан Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қабылдаудан бас тартқанын, шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес Тапсырыс беруші MIDEA MFJ2-48ARN1 сұратқанын, ал Өнім беруші Comfee CMFST-48-HRN1 модельді ауа салқындатқышын ұсынып отырғанын, техникалық ерекшеліктері бойынша екі модельдің айырмашылығы жоқ екенін, екі модель де бір зауыттан шығарылатынын, ерекшелігі тек атауының екі түрлілігінде болып отырғанын, атауының екі түрлі болуы екеуінің екі түрлі нарыққа арналып шығарылғандығында болып отырғанын көрсетіп, талап қоюды негізсіз деп есептеп, қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, қосымша жауапкерге 2023 жылғы 29 маусымда жолданған хатта жеткізуге ұсынып отырған тауары техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтіні туралы №553 хатпен нақты көрсетіп бергенін мәлімдеп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі қарсы пікірде көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 18.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 30.11.2023
4360-23-3-6/114

жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай, Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жауапкер жалпы сомасы 2023 жылғы 15 маусымға дейін 22 499 970 теңгеге 30 дана «кондиционер (сплит жүйе) колонналық-едендік» тауарларын техникалық ерекшелікке сәйкес жеткізбеген. Яғни, жауапкермен Шарт бойынша өз міндеттемесі орындалмаған.

Жауапкердің техникалық ерекшеліктері бойынша екі модельдің айырмашылығы жоқ екені туралы уәжі тапсырыс берушінің екі модельді салыстырған хатымен жоққа шығарылады. Атап айтқанда, талап қоюшының жауапкерге 2023 жылғы 29 маусымда жолдаған №553 хатында көрсетілгендей, техникалық ерекшелікке сәйкес: «кондиционер (сплит жүйе) колонналық-едендік» тауарының салқындату қуаттылығы – 15 500 ВТ; шу деңгейі – 37-41 дБ; қаптамасыз өлшемі – 1824х550х418 мм; салқындату кезіндегі электр тоқ шығыны – 5100 Вт; жылыту кезіндегі электр тоқ шығыны – 5100 Вт болу керек болса, жауапкердің ұсынған тауарының сипаттамалары: салқындату қуаттылығы – 14 357 ВТ; шу деңгейі – 46-54 дБ; қаптамасыз өлшемі – 1825х540х410 мм; салқындату кезіндегі электр тоқ шығыны – 5152 Вт; жылыту кезіндегі электр тоқ шығыны – 5341 Вт деп көрсетілген.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 22 маусымда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

№2 талап бойынша.

АК-тің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының, ал тиісінше орындалмаған жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Жоғарыда анықталғандай, жауапкер өзінің міндеттемесін тиісті түрде орындамауына байланысты, талап қоюшы 6 күнтізбелік күнге (орындау мерзімі туындаған күннен бастап сотқа талаппен жүгінгенге

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 18.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 30.11.2023
4360-23-3-6/114

дейін) тиісінше орындамаған міндеттемелер сомасынан 135 000 теңге тұрақсыздық айыбын дұрыс есептеген.

Осы анықталған жағдайда талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру талабы да қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары №1 талап бойынша мемлекет кірісіне 1 725 теңге, №2 талап бойынша 4050 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкері «Абишева Ж» атауымен әрекет етуші Жупар Жалеловна Абишева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Абишева Ж» атауымен әрекет етуші Жупар Жалеловна Абишевадан мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 135 000 (бір жүз отыз бес мың) теңге, мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы 5 775 (бес мың жеті жүз жетпіс бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 18.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 30.11.2023

4360-23-3-6/114